

10 – дәріс.

Телесұхбаттың психологиялық аспектілері

Тележурналистиканың тікелей эфиріндегі кәсіби шеберліктің негізгі екі тетігі бар: Біріншісі – тіл, екіншісі – тәртіп. Тіл – тікелей эфирдің лингвистикалық аспектісін айқындаса, тәртіп психологиялық аспектісін қамтиды. Тіл – уақытты (сағатты, минутты, сағатты) белгілейтін көрсеткіш. Телевизияда кәсіби мақсатты жүзеге асыру үшін журналистердің барлығы дерлік тілді қолданады, ал тәртіпті ұмыт қалдырады. Ал екі аспектіні бірдей жүзеге асыру үшін тіл қатудың жалпы принциптерін басшылыққа ала отырып, келесі ретте аудиторияның қабылдауына бейімделу тәсілдерін игеруге тура келеді.

